



БЕКІТЕМІН

Колледж директоры

Қарбозов А.К.

20 23 ж.

## Колледжішілік «Жас ғалым - 2024» білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауын ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер.

Осы ереже колледжішілік «Жас ғалым - 2024» білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауын ұйымдастыру мен оған қатысудың тәртібі мен шарттарын реттейді.

### 2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері.

2. Ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауының негізгі мақсаты мен міндеттері:

- 1) білім алушының ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық бағытын ынталандыру;
- 2) талантты және дарынды білім алушыларды іріктеу және қолдау;
- 3) педагогтердің инновациялық әдістері мен шығармашылық әлеуетін қалыптастыру;

### 3. Байқауды өткізу тәртібі мен шарттары

3. Байқауға келесі бағыттар бойынша білім алушының өз еркінше орындаған ғылыми-зерттеу жұмыстары екі тілде қабылданады:

- 1- секция: — гуманитарлық-жаратылыстану ғылымдары;
- 2- секция: — техникалық ғылымдар;
- 3- секция: — қызмет көрсету саласы;

3.1. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын қорғауға 7 мин уақыт беріледі, сол уақыт аралығында жұмысының нақтылығын, жаңашылдығын, өзектілігін, жұмыстың мақсатына жетуін көрсете білуі қажет.

3.2. ҒЗЖ байқауына білім алушылардың ғылыми жұмыстарының бірқатарлы интервалмен терілген данасы ұсынылады. Жұмыс көлемі 10 - 15 беттен аспауы тиіс. Жұмысқа қосымша сызбалар мен иллюстрациялар стандартты көлемде парақтарда жинақы сызылуы қажет. Ғылыми жұмысқа оның енгізген жаңалығы жайлы акт (актілер көшірмесі), патенттер және ғылыми мақалалар көшірмесі қажет болса қосымша ретінде ұсынылуы керек. Сонымен қатар байқауға ғылыми жаңалығы бар жобалар ұсынылуы қажет. Презентация арқылы көрсетіледі.

Білім алушылардың байқауға ұсынылған ғылыми жұмыстары кері қайтарылмайды.

3.3. Жұмысты ұсыну барысында талаптар бұзылған жағдайда әділ қазы мүшелері жұмысты байқауға қатыстырмауға немесе балын төмендетуге құқылы.

3.4. ҒЗЖ байқауы 2 кезең бойынша өтеді:

1) бірінші кезең – тапсырылған жұмыстарды іріктеу **25.01.2024 жыл**. Жұмыстар [Zhienbaeva-83@mail.ru](mailto:Zhienbaeva-83@mail.ru) электронды пошта арқылы қабылданады.

2) екінші кезең - (қорытынды) жұмыстарды қорғау **01.02.2024 жыл**.

3.5. Колледжішілік «Жас ғалым - 2024» білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауы **01 ақпан сағат 14.30** - да колледждің акт залында өтеді. Секциялар сол күні бекітілген кабинеттерде жұмыстарын жалғастырады. **16:30** – да жеңімпаздарды марапаттау және қорытындылау кезеңі акт залында өткізіледі.

### 4. ҒЗЖ байқауының жеңімпаздарын марапаттау тәртібі

4.1. ҒЗЖ әр бағыт бойынша мынадай ретте жүлдегелерді марапаттауға ұсыну құқығына ие:

- 1 орын үшін – **I дәрежелі дипломы** (1 жұмыстан артық емес);
- 2 орын үшін – **II дәрежелі дипломы** (2 жұмыстан артық емес);
- 3 орын үшін – **III дәрежелі дипломы** (3 жұмыстан артық емес).

Барлық қатысушылар сертификатпен, үздік жұмыстар дипломмен, марапатқа ие болған ғылыми жұмысқа жетекшілік жасаған жетекшілер алғыс хатпен марапатталады.

**Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары** байқауының қорытындысы бойынша материалдар жинағын шығару ұйымдастырылады.

**Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары** байқауының қорытындысы колледж сайтында және облыстық апталық «Учительская плюс» қоғамдық ақпараттық – білім беру газетінде жариялау ұйымдастырылады.

## **5. Байқау жұмысын ресімдеуге қойылатын талаптар**

**5.1. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді зерделеу.** Жұмыстың бұл кезеңінің мақсаты білім алушылардың бойында тақырып бойынша әдебиеттерді тандай білуді, библиографиялық тізімді сауатты құра білуді қалыптастыру.

Библиографиялық тізімде өзіне тән ең кем дегенде 5 - 6 түрлі жұмыс болу керек.

Тізімге енген барлық жұмыстар алфавиттік тәртіппен орындалу керек. Кітаптың аты, автордың тегі, жұмыстың аты, шығу мәліметтері: шыққан жері, баспасы, жылы, бет саны көрсетілуі керек. Журнал мақалалары сипатталса, онда осы мақала жарияланған журнал атауы, шыққан жылы, нөмірі көрсетілуі керек. Әдебиет көздерін сипаттау үлгісі: Борисова Б.М. Даралық және кәсіп.- М: Білім, 1991. 116 б.

Интернеттен алынған мақалалар, дәйексөздер әдебиеттердің жалпы тізімдерінде төмендегідей көрсетіледі. Авторы (егер көрсетілсе), мақала атауы, электрондық мекен- жайы, (интернеттегі сілтеме).

Жұмыста пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме төртбұрышты жақша ішінде келтірілген әдебиеттердің нөмірін көрсете отырып беріледі.

### **5.2. Ғылыми жұмысты рәсімдеу**

- бет парак;
- мазмұны; (беттің жоғары бөлігінде ғылыми жоба бөлімдерінің реттілігі көрсетіледі)
- абстракт; (зерттеу жұмысының өзектілігі, тақырыптың мақсаты, теориялық бөлімі, тақырыптың тәрбиелік маңызы, зерттеу бөлімі, қолданған зерттеу әдістері, тақырыптың ашылып зерттелу кезендері)
  - аннотация; (жобаның қысқаша мазмұны)
  - пікір; (жетекшінің жұмыс туралы пікірі, оның қолымен расталады)
  - кіріспе; (кемінде 1 немесе 2 бет, жаңа беттен басталады, 3- ші бет болып нөмірленеді, бет нөмірлері барлық беттің төменгі бөлігінің, оң жағында көрсетіледі.)
- тараулар;
- қорытынды;
- пайдаланған әдебиеттер тізімі;

### **5.3. Мәтінді рәсімдеудің жалпы ережесі.**

- мәтін компьютерде терілу керек;
- сызық көлемдері: сол жақ - 2 см, оң жақ – 2 см, жоғары – 2 см, төменгі – 2 см.
- әріп- Times New Roman KZ Times New Roman 14 кегль;
- абзац болу керек; жол арақашықтығы- бірқатарлы;
- кіріспе, әр жаңа тарау, қорытынды, әдебиеттер тізімі, қосымша жаңа беттен басталады;
  - тарау тармақшалары жаңа беттен басталмайды, бірінен кейін бір жазылады, олар аздаған арақашықтық арқылы ажыратылады;
  - ғылыми жобаның әр бөлімнің атауы майлы әріптермен, ортаға жазылады. Тараулар мен тармақшаларды жазу кезінде міндетті түрде олардың нөмірі (1.2., 1.1., 1.2. ) көрсетіледі.
  - мәтінде міндетті түрде пайдаланылатын әдебиеттерге сілтеме берілуі керек. (төртбұрышты жақшада).

-қорытындыда (кемінде 1 - 2 бет) жұмыстың негізгі нәтижелері және олардың негізінде жасалынған қорытындылар, жұмыс нәтижелерін ғылыми және практикалық мақсатта пайдалану бойынша ұсынымдар болады. Жалпы алғанда, білім алушының ғылыми жобасы ұқыпты орындалу керек және әдемі рәсімделу керек.

#### **6. Байқауға қатысушылардың жұмыстарын бағалау критерийлері**

- 6.1. Регламентті сақтау;
- 6.2. Конкурса қатысушының ғылыми зерттеулерінің жаңалығы мен өзектілігі.
- 6.3. Секциялар бойынша баяндамамен ғылыми-практикалық конференцияларға, журналдарға мақала жариялануға мүмкіндігінше жұмыс жасау.
- 6.5. Өз қызметін қысқаша және қызықты түрде ұсына білу;
- 6.6. Бейне презентацияға қойылатын талаптар:
  - Бейне материал сапасы
  - Дыбыс сапасы
- 6.7. Жалпы баға байқаудың ең жоғары балл сомасынан шығады.